

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ЗАҢ СЕРИЯСЫ
2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ЮРИДИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 2022 ГОДА

ISSN 2958-8618

№ 2 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Юридическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ90VPY00046812

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация результатов научных исследований, актуальных проблем
в области права, привлечение внимания к перспективным
и актуальным направлениям юридической науки

Подписной индекс – 76199

<https://doi.org/10.48081/FBEK6789>

Бас редакторы – главный редактор

Ахмеджанова Г. Б.

д.ю.н., профессор

Заместитель главного редактора Олжабаев Б. Х., *к.ю.н., ассоц.профессор*
Ответственный секретарь Жамулдинов В. Н., *к.ю.н., ассоц.профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Ишеков К.А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Дуйсенов Э. Э.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Балымов Е.К.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 82.13.11

<https://doi.org/10.48081/GYWX7409>***Ф. Т. Зейніл**

«Павлодар облысы сәулет және қала құрылысы басқармасы»
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДЫҢ ӨКІЛДІ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРЫН БЮРОКРАТИЯСЫЗДАҢДЫРУ

Бұл тақырып бүгінгі күні өте өзекті, өйткені мемлекеттік басқарудың құзыреті қазіргі таңда халықпен қатынас құралы ретінде қаралып отыр. Мемлекеттік басқару түрі – саяси билік кімнің, қай субъектінің құзырында екенін айқындайтын ұғым. Қазіргі негізгі міндет – атаусыз жоспарлаудан әл-ауқатқа жетуді, елдің тұрақты дамуын мақсат ететін мемлекеттік саясатқа ауысу. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі «мәселелерді басқарудан өзгерістерді басқаруға» ауысуы тиіс. Мемлекеттік жоспарлаудың ұзынсонар иерархиялық құжаттары мен көрсеткіштерінің орнын икемді стратегиялар мен оңтайлы ойлар басқаны жөн.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» жарияланды. Жарлықта жүйелі және қолданбалы шаралар кешені қарастырылған. Мемлекеттік басқарудың өкілді және атқарушы органдарын бюрократиясыздандыру – бұл:

- шаралардың жүзеге асырылуы мемлекеттік аппаратта шешімдердің қабылдануын жылдамдатады;*
- мемлекеттік органдардағы бірінші басшылардың дербестігі мен жеке жауапкершілігін арттырады;*
- құжат айналымы мен есеп берушілікті қысқартады.*

Бюрократиядан арылтудың негізгі қағидаттары форма мәнінің басымдығын, бастапқы қалпы бойынша цифрландыруды, басқарушылық жауапкершілікті, үздіксіз жетілдіруді, регламенттеудің оңтайлығын айқындайды.

Кілтті сөздер: жарлық, мемлекеттік атқарушы органдар, бюрократия, құқықтық мән, құқықтық қызмет.

Кіріспе

Мемлекеттік басқару органдарына биліктік өкілеттіктер заңды түрде берілген және олар белгілі бір құзыретке ие. Мемлекеттік басқару органдарының түрлерін олардың қызметін аумақтық масштабына, құзыреттік сипатына, ведомствоға тәуелді мәселелерді құрып және шешу тәртібіне, қаржыландыру көздеріне байланысты көрінеді.

Қызметі жөнінен аумақтық масштабы бойынша мемлекеттік басқару органдары былай бөлінеді: жоғары органдар (олардың қызметі бүкіл республика аумағында жүреді) – бұлар Қазақстан Республикасының Үкіметі; орталық органдар (қызмет аясы республиканың бүкіл аумағына, бірақ нақты министрліктердің) – экономика, экология және биоресурстар, энергетика және көмір өнеркәсібі, әділет министрліктері аумағында ғана мемлекеттік комитеттер (мемлекеттік мүлік жөніндегі және т.б) комитеттер (ұлттық қауіпсіздік) жергілікті, олардың қызметі белгілі бір әкімшілік-аумақтық құрылым – облыс, аудан, қала, село шегінде ғана жүзеге асады.

Құзырет сипаты бойынша мемлекеттік басқару органдары (Республика Үкіметі) жалпы құзыретті – бұл органдардың қызметі өз құзыреттеріне жататын барлық мәселелерге және барлық бағыныштыларына жүреді. Салалық – нақты салалар (министрлік) басқару органдарының қызметі нақты мәселелерге, функцияға немесе мазмұнға байланысты болады.

Мемлекеттік басқару органдары мемлекеттік өкімет арқылы құрылады. Мәселен, Парламент Президенттің Республика Премьер-Министрін, Республика Ұлттық Банкінің Төрағасын тағайындауға келісім береді, екінші жағынан басқару органдарының өзі арқылы жүзеге асады. Мысалы Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 маусымдағы жарлығымен мемлекеттік басқарудың орталық органдарының тізбесі белгіленген.

Материалдар мен әдістер

Бұл тақырыпты ашуда мемлекет басшысының жариялаған жарлығымен бірқатар қазіргі кезде жүргізілетін іс-шаралар мен іс-қимылдарды оңтайландырдым. Яғни, кішігірім ақпараттық жұмыс пен зерттеу жүргізілді.

Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығына сәйкес тиімділік пен жеделділікті арттыру, атқарушы биліктің қызметін заңнамалық тұрғыдан артық регламенттеуді болдырмау, құжат айналымы мен есептілікті қысқарту, мемлекеттік органдар басшыларының дербестігі мен дербес жауапкершілігін арттыру жүзеге асырылып бастады.

Мемлекеттік ақпараттандыру объектілерінде орналастырылатын мәліметтердің дұрыстығы мен өзектілігі және жалған мәліметтерді пайдалануға байланысты шығындар үшін барлық жауапкершілік

тиісті мемлекеттік органдардың басшыларына жүктелсін. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Smart Data Ukimet» мемлекеттік ақпараттық-талдау жүйесі және өзге де мемлекеттік ақпараттандыру объектілері базасында есептер мен көрсеткіштердің барлық түрлерін (салалық деректер) жүйелендірсін.

Жүйелі және қолданбалы шаралар:

Үкімет орталық және жергілікті атқарушы органдар жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың санын екі есе қысқартуды қамтамасыз ету;

Заңнамалық актілерді, Президент актілерін, сондай-ақ құпиялылық белгісі және «қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар құжаттарды қоспағанда, құжаттарды қағаз түрінде енгізудің, оларға бұрыштама қоюдың және әр парағына қол қоюдың күшін жою;

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, Парламент депутаттарының түзетулеріне және олар бастамашылық жасаған заң жобаларына Үкімет қорытындыларын және егер олар бойынша жауап белгіленген мерзімде берілмесе, келісуді талап ететін өзге де құжаттарды «әдепкі бойынша келісу» тәртібін енгізу;

Ескертпелері бар нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Премьер-Министр Кеңесіне енгізуге тыйым салудың күшін жою;

Мемлекеттік ақпараттандыру объектілеріндегі азаматтар мен заңды тұлғалар туралы мәліметтерді түзетудің оңайлатылған тетігін қамтамасыз ету;

Кеңсе қағазына және онымен байланысты тауарларға бюджет шығыстарын үш есе қысқартуды қамтамасыз ету;

Сақтау мерзімін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін оңтайландыру;

Мемлекеттік ақпараттандыру объектілерін құру және (немесе) дамыту мерзімін алты айға дейін қысқартуды қамтамасыз ету;

Барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін кеңестерді жоспарлау және жүйелеу бойынша бірыңғай цифрлық шешімді енгізуді, сондай-ақ бейнеконференцбайланыс және қолжетімді онлайн-сервистер арқылы кеңестерді өткізу басымдығын қамтамасыз ете отырып, кеңестерді тағайындау мен өткізу негіздерін нақты регламенттеу жөнінде шаралар қабылдау;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, «Е-қызмет» ақпараттық жүйесінің базасында мемлекеттік қызметке іріктеу және қабылдау процесін толықтай цифрландырды, сондай-ақ

оны барлық мемлекеттік органдарда енгізуді және кеңінен таратуды қамтамасыз етсін;

Мемлекеттік аппараттың бір құжат жобасымен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігі беріле отырып, қызметтік хат-хабардың етуін оңтайландыру, тапсырмалардың қосарлануын болдырмау, құжат айналымы бойынша талдамалық есептерді жедел қалыптастыру бойынша цифрлық шешімдері бар бірыңғай орталықтандырылған бұлтты құжат айналымына көшуін қамтамасыз етсін;

- «қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар құжаттардың электрондық форматқа көшірілуін қамтамасыз етсін;

- «Е-заңнама» ақпараттық жүйесінің заң шығару процесі модулінің өнеркәсіптік пайдалануға енгізілуін қамтамасыз етсін;

Орталық мемлекеттік органдардың бірыңғай бухгалтерлік есепке алу ақпараттық жүйесінің енгізілуін қамтамасыз етсін.

Нәтижелер мен талқылау

Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша мониторинг пен талдауды, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделеп, сондай-ақ олардың нәтижелерін жартыжылдық негізде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне енгізе отырып, қамтамасыз ету нәтиже ретінде күтілуде. Түпкі нәтиже болып саналады:

- бюрократиядан арылту функцияларын жүйелеу;

- процестер мен рәсімдерді жетілдіру бойынша мазмұнды ұсыныстар жинауға арналған онлайн-ресурс;

- мемлекеттік қызметшілерді жұмыс процесіне жетілдіретін өзгерістерге ынталандыру;

- процестерді автоматтандыру, өтпелі бақылау, барлық кезеңдердің ашықтығы, үлкен мәліметтерді талдау;

- мемлекеттік органдар арасында электронды форматта ақпарат алмасу;

- бірыңғай орталықтандырылған бұлтты құжат айналымы бойынша ақпараттық жүйені өндірістік пайдалануға енгізу және барлық мемлекеттік органдарды қосу;

- құжаттардың барлық түрлерін және оларды сақтау мерзімін оңтайландыру.

Қорытынды

Шаралардың жүзеге асырылуы мемлекет басшысы жүктеген Қазақстан Республикасының Президентінің Әкімшілігінің бақылауында болады. Кешенді реинжиниринг негізінде норма шығару және бюджет үдерістерінің мерзімдері мен кезеңдері екі есе қысқарады. Бастапқы бойынша цифрландыру-мемлекеттік органдардың азаматтармен, бизнеспен және бір-бірімен цифрлық

форматта жан-жақты өзара іс- қимыл жасауының басымдылығында жатыр. Бюрократиядан арылту ісінде мемлекеттік басқарудың барлық саласын цифрлық трансформациялау және жүйелік реинжинирингтеу маңызды болып саналады. Бұл жұмыстардың негізгі бенефициарлары азаматтар болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы : Жеті жарғы, 2021.
- 2 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі. – Алматы : Жеті жарғы, 2021.
- 3 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі. – Алматы: «ЛЕМ баспасы» ЖШС, 2021.
- 4 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Заң. – Алматы: Жеті жарғы, 2021.
- 5 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң. – Алматы : «ЛЕМ баспасы» ЖШС, 2021.
- 6 «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң. – Алматы : «ЛЕМ баспасы» ЖШС, 2021.
- 7 «Қоғамдық кеңестер туралы» Заң. – Алматы : Жеті жарғы, 2021.
- Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік басқарудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Жарлығы. – Алматы : Жеті жарғы, 2021.
- 8 **Васильев, А. А.** «Муниципалды басқару және жергілікті өзін-өзі басқару». Инфра-М, 2019. – 256 б.
- 9 **Захаров, Н. И., Попов, В. Д., Есин, В. А., Шитова, Ю. Ю.** «Мемлекеттік және муниципалды басқару» кітап, 2016. – 158 б.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respyblikasynyń Konstitýsiasy [Constitution of the Republik of Kazakhstan] [Text] – Almaty : Seven charter, 2021.
- 2 Qazaqstan Respyblikasynyń azamattyq kodeksi [Civil Code of the Republik of Kazakhstan] [Text] – Almaty : Seven charter, 2021.
- 3 Qazaqstan Respyblikasynyń Ákimshilik rásimdik-prosestik kodeksi [Administrative procedural code of the Republik of Kazakhstan] [Text] – Almaty: LEM publishing house LLP, 2021.
- 4 «Qazaqstan Respyblikasynyń Memlekettik qyzmeti týraly» Zań [«LAW on Civil Service of the Republik of Kazakhstan»] [Text] – Almaty : Zheti zhargy. 2021.

5 «Sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qımyl týraly» Zań [«LAW on combating corruption»] [Text] – Almaty : LEM publishing house LLP, 2021.

6 «Jergilikti memlekettik basqarý jáne ózin-ózi basqarý týraly» Zań. [«Local law» on public administration and self –government] [Text] – Almaty : LEM publishing house LLP, 2021.

7 «Qoǵamdyq keńester týraly» Zań [«LAW on public councils»] [Text] – Almaty : Zheti zhargy. 2021.

8 Qazaqstan Respyblikasy Prezidentiniń «Memlekettik basqarýdyń 2025 jylǵa deingi tujyrymdamasyn bekitý týraly» Jarlyǵy [«Public administration 2025» by the president of the Republik of Kazakhstan decree» on approval of the concept of pre-school education»] [Text] – Almaty : seven charters.

9 **Vasilev, A. A.** «Mýnisiǵaldy basqarý jáne jergilikti ózin-ózi basqarý» [«Municipal Administration and local self-government»] [Text], Infra-M, 2019. – 256 p.

10 **Zaharov, N. I., Popov, V. D., Esin, V. A., Shitova, Iy. Iy.** «Memlekettik jáne mýnisiǵaldy basqarý» [«State and municipal management»] [Text], book / 2016. – 158 p.

Материал баспаға түсті 10.06.22

**F. T. Зейніл*

ГУ «Управление архитектуры и градостроительства Павлодарской области», Республики Казахстан, г. Павлодар
Материал поступил в редакцию .10.06.22

БЮРОКРАТИЗАЦИЯ ПРЕДСТАВИТЕЛЬНЫХ И ИСПОЛНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО УПРАВЛЕНИЯ

Данная тема очень актуальна на сегодняшний день, так как компетенция государственного управления в настоящее время рассматривается как средство общения с населением. Вид государственного управления – понятие, определяющее, кто, какой субъект находится в компетенции политической власти. Основная задача на данный момент – переход от безымянного планирования к государственной политике, направленной на достижение благосостояния, устойчивое развитие страны. Система государственного планирования должна перейти от «управления проблемами к управлению изменениями». Место длинных иерархических документов и показателей государственного

планирования следует занять гибкими стратегиями и оптимальными соображениями.

Указ Президента Республики Казахстан от 13 апреля 2022 года № 872 был опубликован «О мерах по избавлению государственного аппарата от бюрократии». В указе предусмотрен комплекс системных и прикладных мер. Бюрократизация представительных и исполнительных органов государственного управления - это:

Реализация мер ускорит принятие решений в государственном аппарате;

Повышает самостоятельность и личную ответственность первых руководителей государственных органов;

Сокращает документооборот и подотчетность.

Основные принципы избавления от бюрократии определяют приоритетность сущности формы, цифровизацию по исходному положению, управленческую ответственность, непрерывное совершенствование, оптимальность регламентации.

Ключевые слова: указ, государственные исполнительные органы, бюрократия, правовое значение, правовая деятельность.

G. T. Zeynil

State Institution «Department of Architecture and Urban Planning of Pavlodar region» Chief Specialist of the State Urban Planning Cadastre Department Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Material received on 10.06.22

BUREAUCRATIZATION OF REPRESENTATIVE AND EXECUTIVE BODIES OF STATE ADMINISTRATION

This topic is very relevant today, since the competence of public administration is currently considered as a means of communication with the population. The type of public administration is a concept that determines who, which subject is in the competence of political power. The main task at the moment is the transition from nameless planning to state policy aimed at achieving well-being and sustainable development of the country. The state planning system should move from «problem management to change management». Instead of multi-stage documents and indicators of state planning, it is advisable to obtain flexible strategies and optimal judgments.

Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated April 13, 2022 No. 872 was published «on measures to rid the state apparatus of bureaucracy». The decree provides for a set of systemic and applied measures. The bureaucracy of representative and executive bodies of public administration is:

- Implementation of measures will accelerate decision-making in the state apparatus;

- Increases the independence and personal responsibility of the first heads of state bodies;

- Reduces document flow and accountability.

The basic principles of getting rid of bureaucracy determine the priority of the form, digitalization according to the initial position, managerial responsibility, continuous improvement and optimal regulation.

Keywords: decree, state executive bodies, bureaucracy, legal significance, legal activity.

Теруге 10.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,02 Мб RAM

Шартты баспа табағы 11,4.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген А.К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс №3959

Сдано в набор 10.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

3,02 Мб RAM

Усл.п.л. 11,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. К. Мыржикова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3959

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik.tou.edu.kz/>